

**№ 43 «Гүлдәурен» балабақшасының жанынан құрылған қамқоршылық кеңестің жиналысы өткізілді**

**Қатысқандар:** балабақша әкімшілігі, қамқоршылық кеңес төрайымы, қамқоршылық кеңесінің мүшелері

**Күн тәртібінде:**

1. Жылдық атқарылған іс - шараларға есеп беру

**Тыңдалды:**

**Күн тәртібіндегі мәселе бойынша** қамқоршылық кеңес төрағасы Дузбаева Салтанат Адилбекова шығып сөз сөйледі.

Осы оқу жылының басынан № 43 «Гүлдәурен» балабақшасы жанынан құрылған қамқоршылық кеңестің құрамы бекітілді. Құрамында 7- мүше бекітілді. Қамқоршылық кеңестің мақсаты – бюджеттен тыс қаржыландырудың қосымша көзін, басқа ұйымдармен байланысты нығайту арқылы бөбекжайдың тиімді жұмыс істеуі мен ауданымыздағы тұрғындардың әл-ауқатының дамуына септігін тигізу болып табылады. Қамқоршылық кеңестің 1 отырысында мен кеңестің негізгі ережелерімен таныстыра келе, оқу жылының басынан қамқоршылар ұйымының құрамы қарастырылып, жұмыстарын бастады. Сонымен қатар ҚК мүшелерімен қыркүйек айында қайырымдылық жәрмеңкесін өткізіп, материалдық көмекке мұқтаж отбасыны анықтап және қайырымдылықтан түскен қаржыдан көмек берілді.

- Бөбекжай-бақша ішінен жастар жағынан «Еріктілер» тобы жасақталды, ауданымыздағы қарт кісілерге әлеуметтік қолдау бағытында қол көмек көрсетілді.
- Бөбекжай-бақша ішінен жастар жағынан «Еріктілер» тобымен бірге бөбекжай-бақшамызға қарасты мөлтек ауданымыздағы ерекше балаларға көмек көрсетілді және оған арамыздағы кәсіпкер Базарбаева Тазагүл Ерболовна да зор үлесі бар. Әрдайым қандай істе де, алдыңғы қатардан табыла кетеді.
- Балалардың бойынан жақсы әдет қалыптасу үшін, кітапқа деген қызығушылығын арттыру үшін «Кітапқа құмар балақай» жәрмеңкесін өткіздік.
- «22-Наурыз Ұлыстың ұлы күні» мерекесі қарсаңында аз қамтылған, көп балалы отбасылар мен жетім балаларға арналған қайырымдылық жәрмеңкесі өткізе тұра, түскен қаражат аз қамтылған отбасыларға көмек ретінде жұмсалды.
- Ойын - балалардың дамытушы құралы. «1 маусым – Балалар күні» мейрамы қарсаңында «Балаларға базарлық» атты ойыншықтар акциясын өткіздік.

Қамқоршылық кеңестің негізгі мақсаты - жалпы білім беретін мекеменің қызметін тиімді жүргізу үшін жағдай жасау. Қамқоршылық кеңесі жұмыстары кезінде балабақша әкімшілігі ынтымақтастық қатынасты қалыптастыра білді, әрине, бұл - сөзсіз біріккен қызмет үшін жағымды негіз болып табылады.

Осы орайда қамқоршылық кеңестің есебін тыңдап отырған бөбекжай-бақшасы басшысы К.Т. Шокпарова ҚР мүшелеріне ұжымның атынан алғысын жеткізді.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

Қамқоршылық кеңес хатшысы:

Келісемін:

Дузбаева Салтанат Адилбекова

Баширова Лаура Қуанышқызы

Балабақша басшысы К.Т. Шокпарова

